«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

20.02.2018г №02-09/354

«Нурболат Кузет» ЖШС
директоры
М.К. Нурымовқа
E-mail: talgat84@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 05.01.2018 жылғы №2479 санды шағымыңызда көрсетілген мәселелер бойынша келесіні хабарлайды:

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V санды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 санды бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жаңаөзен қалалық перзентханасы» ШЖҚ МКК-мен өткізілген мемлекеттік сатып алудың электрондық ашық конкурс тәсілімен **№2168794-ОК1 санды «Тәулік бойы ғимаратты, мүлікті, аймақты күзету» атты мемлекеттік сатып алу қызметкерінің байқауы»** бойынша камералдық бақылау жүргізіліп нәтижесінде заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9-бабының 6-тармағына сәйкес, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тиіс құжаттарды ұсынатындығы көзделген.

Сонымен қатар, Заңының 10-бабының 1-тармығының 1-тармақшасында әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындауышысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбаған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді дел айтылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 санды «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Бұйрығының 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер:

- конкурстық құжаттаманың 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы;

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресуртарын иемдену бөлігіне сәйкес келмеуі анықталған жағдайда конкурсқа жіберілмейді.

Бұл ретте, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған сәйкес, тапсырыс беруші тарапынан өткізілген конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін:

- наличие лицензия на оказание охранных услуг - күзет қызметтерін көрсету лицензиясының болуы;

- наличие опытных штатных работников не менее 12 сотрудников - кем дегенде 12 қызметкердің тәжірибелі қызметкерлерінің болуы;

- наличие дейсвующих свидетельств охранников - күзетшілердің арнайы куәліктерінің болуы;

- наличие специальных средств самообороны (резиновые дубинки, фонарики, метталлоискатель, рации и т.д.) - өзін-өзі қорғаудың арнайы құралдарының болуы (резеңке дубиналар, шамдар, металл детектор, рация және т.б.);

- наличие средств устойчивой радиосвязи - тұрақты радио байланыс құралдарының болуы;

- наличие форменного обмундирования - формалы киім болуы;

- наличие дежурный части - кезекші бөлігінің болуы;

- наличие группы быстрого реагирования не менее двух человек. Время реагирования в течение 10 мин - кем дегенде екі адамның жылдам жауап беру тобының болуы. Жауап беру уақыты 10 мин;

- наличие служебного автотранспорта для группы быстрого реагирования - жедел әрекет ету тобына қызмет көрсету автокөлігінің болуы;

- наличие справки у сотрудников охраны О проверке на знание правил безопасного обращения с оружением"не менее 10 сотрудников охранной организации - күзет ұйымдарының қызметкерлерінен «Қару-жарақпен қолдану барысында қауіпсіздік ережесін білетін туралы» растаутын анықтамасы дегенде 10 қызметкерінің болуы;

- свидетельство о прохождении повышения квалификации руководителя охранной организации - күзет ұйымы басшысының біліктілігін арттыру туралы анықтама;

- договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности работодателя (охранной организации) за причинение вреда жизни и здоровью работника при исполнение им трудовых (служебных) обязанностей - жұмыс берушінің (күзет ұйымының) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

- предоставление вазможности физической охранны объекта с применением современных технологий защиты. Организация обязательство должна использовать радиосвязьи - заманауи қорғау технологияларын қолданып, объектіні физикалық қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Ұйымның міндеті радио байланысын пайдалануы керек

Алайда, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан аталған конкурс бойынша жеңімпаз болып танылған **«Сабен» ЖШС** өзінің ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтер бойынша конкурсқа қатысуға техникалық ерекшелікке сәйкес, *күзет ұйымдарының қызметкерлерінен «Қару-жарақпен қолдану барысында қауіпсіздік ережесін білетін туралы» растаутын анықтамасы дегенде 10 қызметкерінің болуы* және *кем дегенде 12 қызметкердің тәжірибелі қызметкерлерінің болуы тиіс* делінген талапқа сай ұсынбауына қарамастан конкурсқа қатысуға **негізсіз** жіберілген.

Сонымен қатар, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан аталған конкурс бойынша әлеуетті өнім беруші **"Өзен қорғау күзет" ЖШС** ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтер бойынша конкурсқа қатысуға техникалық ерекшелікке сәйкес, *күзет қызметтерін көрсету лицензиясының болуы тиіс* деген талапқа сай ұсынбауына және *12 қызметкердің жеке куәлігінің көшірмесін ұсынбауына* қарамастан конкурсқа қатысуға **негізсіз** жіберілген.

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасының 4-тармағында әлеуетті өнім беруші еңбек ресурстары туралы мәліметтерді көрсете отырып, «қызметкерлердің

Т.А.Ә. *(жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)»* делінген.

Бұдан басқа, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан аталған конкурс бойынша әлеуетті өнім беруші **"Нұрболат-Күзет" ЖШС** ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтер бойынша конкурсқа қатысуға техникалық ерекшелікке сәйкес, *күзет ұйымдарының қызметкерлерінен «Қару-жарақпен қолдану барысында қауіпсіздік ережесін білетін туралы» растаутын анықтамасы дегенде 10 қызметкерінің болуы тиіс* делінген талапқа сай ұсынбауына қарамастан конкурсқа қатысуға **негізсіз** жіберілген.

Осы тектес, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан аталған конкурс бойынша әлеуетті өнім беруші **"Күзет" мамандандырылған күзет бөлімшесі" АҚ** ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтер бойынша конкурсқа қатысуға техникалық ерекшелікке сәйкес, *формалы киім болуы, өзін-өзі қорғаудың арнайы құралдарының болуы резеңке дубиналар, күзет ұйымдарының қызметкерлерінен «Қару-жарақпен қолдану барысында қауіпсіздік ережесін білетін туралы» растаутын анықтамасы дегенде 10 қызметкерінің болуы тиіс* деген талапқа сай ұсынбауына қарамастан конкурсқа қатысуға **негізсіз** жіберілген.

Бұдан бөлек, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан шешімі аталған конкурстық құжаттама бойынша **"ЖаңаӨзен-Қорғау" ЖШС** ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтер бойынша 6-қосымшаның 3-тармағына материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді енгізбеді деген себеппен конкурсқа қатысуға жеберілмегені **негізді.**

Осыған сәйкес, Департамент тарапынан камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтарды жою туралы №22688 санды хабарландыру жолданды.

Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетіне немесе сотқа шағым жасауға құқылы екендігіңізді қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысының орынбасары **Қ. Нұрмұқанов**

орын. Ж.Садыков
тел.: 31-90-92